

**№2-педагогикалық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ**

30 қараша 2024жыл

Қатысқандар: 8

Күн тәртібі:

1. Алдыңғы №1-педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау (меңгеруші).
2. Бақылау мен басшылық салыстырмалы тексерудің нәтижесі
3. Жол көлік оқиғалары жарақаттарының профилактикалық жұмыс жоспарын қарастыру және қабылдау.
4. Бастапқы мониторинг қорытындысы (әдіскер).

Мәселелерді талқылау барысы

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Б.Султанова сөз сөйледі. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімдерін орындау:

– Педагогикалық кеңестің өткендегі шешімі бойынша барлық топтарда педагогтердің перспективалық жоспарлары құрылды, жұмысты жоспарлау Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік хатқа сәйкес жүргізілді, мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізуі міндетті құжаттар тізбесін жүргізуді, ата-аналарға арналған ақпарат жаңартылуын әкімшіліктің тұрақты бақылауында ұстау. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында әдістемелік бірлестіктерге, конференцияларға, дөңгелек үстелдерге, вебинарларға, шеберлік сағаттарына және т.б. қатысуы тұрақты негізде жүргізіледі.

Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Б.Султанова Білім беру қызметінде жаңашыл әдістер мен технологияларды қолдануды кеңейту және дамыту бойынша жұмысты жалғастыру.

Педагогтер арасындағы өзара ынтымақтастықты жандандыру, табысты әдістемелерді өзара алмасу және бірлескен жобаларды іске асыру.

Ата-аналарды тәрбие-білім беру процесіне тарту үшін жаңа жобалар әзірлеу, бірлескен іс-шараларды тұрақты ұйымдастыру:

Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Б.Султанова сөз сөйледі.

Мектеп жасына дейінгі балалар арасында жол-көлік жарақатын азайту жөніндегі профилактикалық жұмыс жоспарын талқылау барысында мынадай аспектілер қарастырылды.

Іс-шаралар мен ойын формалары арқылы балалардың жолда қауіпсіз жүріс-тұрысын қалыптастыру.

Жол қозғалысы ережелері және өз балаларының қауіпсіздігі үшін жауапкершілігі туралы ата-аналардың хабардарлығын арттыру.

Балалар және олардың отбасыларымен жүйелі профилактикалық жұмыс жүргізу арқылы балалардың жол-көлік оқиғаларында жарақат алу жағдайларының санын азайту.

Төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері У.М.Гумарова сөз сөйледі. Ол мектепке дейінгі ұйымдардың балалары үшін бастапқы мониторинг жүргізіліп жатқанын атап өтті. Мониторинг критерийлері балалардың физикалық даму жасына, коммуникативті, танымдық, интеллектуалдық, шығармашылық дағдыларына, зерттеу қабілеттеріне, элеуметтік-эмоционалды дағдыларына сәйкес қалыптасуына ықпал етеді.

Тәрбиеші топ мониторингінің нәтижелері бойынша оқу жылына арналған баланың жеке даму картасын толтырады. Жеке картаны толтыру кезінде педагог дамытушылық және түзету іс-шараларын толық жазады, қажет болған жағдайда мониторинг нәтижелері бойынша дамытушылық және түзету іс-шаралары жоспарлануы мүмкін.

3. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша баланың дамуын қадағалауға ерекше назар аудару (бағдарламаны игеру деңгейі жеткіліксіз болған білім беру салалары бойынша).

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. Жұмыс барысын бекітіп, тәжірибені жүйелеу және келесі кезеңге мақсат қою.

Жауаптылар: директор, әдіскер.

2. Әр топ тәрбиешілері «Қауіпсіз жол», «Назар аударыңыз, балалар» сияқты ҮІӘ өткізу.

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер

3. Мониторинг нәтижелерін назарға алып педагогтерге балалармен жеке жұмыс жүргізу және әр топта баланың жеке даму картасын құрастыру.

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер

Төраға А.Б.Султанова/

Хатшы У.М.Гумарова/

